

Х. ЧУРИН

***ДАУЫЛДЫ
ЖЫЛДАРДА***

„ҚАЗАҚСТАН“ БАСПАСЫ
Алматы — 1971

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

9 Каз 22+ЗКП1(092)
Ч 90

Хамид Дәулетұлы Чуриң Қызыл Армияның алғашқы қаз әскери бөлімдерін ұйымдастыруға белсене қатысқан қарт коммунист, Қазақстанда Совет өкіметін орнатып, нығайту жолын күрескен қадірменді адамдардың бірі. Ол — кемеңгер В. И. Ленинді көріп, оның сөздерін тыңдаған адам. Ол — Бөкей облысынан Советтердің Бүкілроссиялық VII съезінің делегаты болып М. И. Калининмен және Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің басқа да көрнекті қайраткерлерімен кездескен бақытты азамат.



Сол бір отты жылдарға да біраз уақыт өтті, — дейді автор. Сондықтан бұл естелігімде Совет өкіметін орнату күресіне қатысқандардың ерен еңбегімен ерлігін атап өткім келді. Бірақ біраз уақыттың аты-жөнін толық есіме түсіру қиындау соқты, оған кешір сұраймын.

Мен тарихшы, не журналист емеспін. Мен тек осы отты жылдардың куәсі болған қарт коммунистердің бірімін, сондықтан бүгін сонау өткен күндердегі оқиғалар жайында есімде қалғандарын кейінгі ұрпақ — сіздерге әңгімелеп беруді өзіме парыз таптым.

«Дауылды жылдарда» деп аталатын бұл кітапта автор Қазақстанда, бұрынғы Бөкей (қазіргі Орал) облысында Совет өкіметін құру жолындағы қиян-кескі күрестер мен тартыстарды, өзінің куә болып, көкірегіне түйген сырларын ортаға салады. Сондықтан да бұл кітап кейінгі ұрпақтың сүйсіне оқыр естеліктерінің қатарына қосылатынына сенеміз.

1—8—1

27—ТП—70 м.



ДАУЫЛДЫ ЖЫЛДАР ҚАРСАҢЫНДА

Қазіргі Орал облысы Россияға Қазақстанның басқа аудандарынан едәуір бұрын қосылды. Ол кезде Гурьев облысы уезд есебінде осы облыстың құрамында болатын. 1847 жылы бұрынғы Ішкі Бөкей ордасынан хандық жойылып, Бөкей ордасы Астрахань губерниясының құрамына енгізілді. Бөкей ордасын басқару үшін «Ішкі Қырғыз ордасын басқару жөніндегі уақытша совет» деп аталатын арнаулы әкімшілік құрылды. Советтің құрамына Россия империясының Ішкі істер министрі бекіткен жоғары дәрежелі чиновниктер енді. Бұл совет Астрахань генерал-губернаторына тікелей бағынды. Бөкей ордасы әкімшілік жағынан — Тарғын, Қалмақ, Таловка, Қамыс-Самар, Нарын болып бес бөлімге және Бірінші Теңіз бойы, Екінші Теңіз бойы болып екі округқа бөлінді. Әр бөлімнің уезд тәрізді әкімшілік аймағы болатын. Ал бөлімдер мен округтар болыстардан, болыстар бірнеше ауылнайлардан тұрды. Не бары Бөкей облысында 84 болыс болды.

Орал облысының жеке өзі төрт уезден — Орал, Лбищенск, Гурьев, Темір уездері және Маңқыстау приставтығынан тұрды. Орал, Лбищенск, Гурьев уездері орал казактарының жерін қамтыды. Темір уезі мен Маңқыстау түбегін тек қазақтар мекендеді.

1917 жылғы Февраль революциясының қарсаңында Орал облысын 900 мыңға жуық адам мекендеді, оның 22 проценті орыс, 75 процентке жуығы қазақтар болатын. Сонымен бірге мұнда басқа ұлттардың да өкілдері тұратын. Ал Бөкей ордасында Февраль революциясына дейін 350 мыңға жуық адам болды. 1918 жылдан бастап Бөкей ордасы облыс болып құрылды, ал 1921 жылдан 1925 жылдың көктеміне дейін губерния болып, кейін уезд есебінде Орал облысына қосылды.

Революцияға дейін осы өлке казактардың қарулы күшіне сүйенген отаршылдық өкімет үстемдігінде болды. Қулактар мен жергілікті байлар осы өкіметті қолдады. Азаматтық және әскери өкімет билігі Орал облысының әскери губернаторы мен Бөкей ордасы жөніндегі Астрахань генерал-губернаторының қолында болды.

Бұл кездерде қазақ ауылдарында ақсақалдық-рушылдық және феодалдық қатынастар үстемдік етті. Халық байлығына жататын мал мен жайылымдық, шабындық және басқа да шұрайлы жерлер байлардың, жартылай феодал-шонжарлардың, хандар мен сұлтандар ұрпақтарының және ақ сүйектердің қолында болды, жергілікті өкімет билігі де осыларда еді. Ауыл кедейлері мен жалшылар байларға, жартылай феодалдарға кіріптар болып, әрдайым жоқшылықта күнелтті.

Орал казактары, әсіресе олардың ауқатты бөлігі реакцияшылдығымен, патша самодержавиесіне шын берілгендігімен айрықша көзге түсті. Бұл әбден түсінікті де еді, өйткені патша үкіметі жергілікті қазақ халқының есебінен казактарға мүмкіндігінше барлық жағдай жасады.

Орал облысы мен Бөкей ордасы халықтарының басты кәсібі — ауыл шаруашылығы, әсіресе мал шаруашылығы еді. Өнеркәсіп саласы нашар өркендеген қолөнер кәсіпшіліктерінен асқан жоқ.

1894 жылы Рязань — Орал темір жолы іске қосылып, Россияның орталығымен байланыс есігі ашылды, осы жолдың салынуы арқасында жергілікті пролетариат пайда бола бастады. Облыстың оңтүстігінде, Гурьев уезінде Ембі, Доссор, Мақат мұнай шығаратын кәсіпорындар құрылды.

Орал облысында егіншілік мейлінше бәсең өркендеді. Бөкей ордасында тек ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап егіншілік алға басып, біркелкі дәрежеде товарлы шаруашылыққа айналды. Егіншілік өнімі облыстан сыртқары жерлерге де жөнелтілетін дәрежеге жетті.

Орал облысында балық аулау кәсібі маңызды орын алды, жергілікті тұрғындар, әсіресе казактар балық аулаумен көбірек шұғылданды. Бірақ балық аулаудан

түсетін пайда билеуші таптардың, кулактардың қалтасына түсіп жататын.

Патша үкіметі кулактар мен байлардың өз шаруашылықтарын өркендетуін қолдап отырды. Сондықтан, байлардың қанауынан жаншылып, әр түрлі алым-салықтардан тұншыққан кедей малшылар сырттан кәсіп іздеп кетуге мәжбүр болды. Олар Каспий балық кәсіпшілігіне, Басқұншақ, Эльтон көлдерінен тұз өндіру кәсіпорындарына барып орналасты.

Бөкей облысы еңбекшілерінің сол кездердегі ауыр жағдайы жөнінде архив документтерінде мынадай деректер сақталған:

«Қырғыз даласындағы барлық халықтың бірден-бір кәсібі — мал өсіру, олардың шаруашылығы түгелдей дерлік тек осыған ғана негізделген. Шабындық жерлердің жетімсіздігі, шөп егіп, жемшөптік дақылдарды өркендету жөніндегі мәдени шаралардың жоқтығы, құрғақшылық салдарынан шабындықтар мен жайылымдық жерлердің жиі-жиі қуаңшылыққа ұрынуы... көбінесе қырғыз шаруашылықтарын күйзелтіп кететін. Осындай мал азығының жеткіліксіздігінен мыңдаған қырғыз Астрахань, Самар губерниялары мен Орал облысында тұрып, онда да олар аяусыз қаналған. Орал облысында қырғыздар казактардың малшысы болып... казактарға ақысыз-пұлсыз шөп шауып, малын бағып, қысқасы нағыз құл есебінде күн көрген»¹.

Кулактар мен байлардың, сондай-ақ казактардың офицер-кулак шонжарларының ұдайы қысым жасауы, қорлық көрсетуі салдарынан кедейлер құнарсыз жерлерге көшіп кетуге мәжбүр болды. Шұрайлы жерінен, өнімді шабындықтары мен жайылымдарынан айрылған кедейлер үнемі күйзеліп, жоқшылыққа, қиыншылыққа ұшырады. Олар ата кәсібі — мал шаруашылығын тастап, байларға, жартылай феодалдарға толық кіріптар болды немесе сырттан кәсіп іздеді.

1916 жылы Орал губернаторы былай деп жазды: «...Әдетте басқа губерниялар мен облыстарға жұмысқа бару үшін Гурьев уезінің бір өзінде ғана 6 мыңға жуық паспорт берілген. Гурьев қазақтары Самар, Орынбор губернияларының дала жұмыстарына, Аст-

¹ Орал облыстық мемлекеттік архив, ф. 319, д. 18, л. 19.

рахань губерниясындағы балық кәсіпшілігіне кетіп жатады»¹.

Патша өкіметі мен орыс буржуазиясының және соларға сүйенген бай-кулактардың халық бұқарасын екі-жақты қанауы жергілікті халықтан жартылай пролетарлық топтардың шығуына себеп болды, мұның өзі қазақ даласында революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстың пайда болуына септігін тигізді. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция бүкіл Қазақстанның, соның ішінде әсіресе Орал, Бөкей облыстарының еңбекшілер бұқарасының саяси санасының оянуына ықпал етті.

1914—1917 жылдардағы бірінші империалистік соғысы бүкіл Россиядағы сияқты — облыстың еңбекші халқының қаналуын онан сайын күшейте түсті. Әр түрлі салықтар мен алымдар көбейді, орасан көп малды реквизициялау (мемлекетке алып қою) шаралары ұдайы жүргізілді. Ақырында, 1916 жылы патша үкіметі бұратана халықтардың 18 бен 31 жас арасындағы азаматтарын майдандағы патша әскерлерінің тылындағы қара жұмысқа реквизициялау туралы ерекше указ жариялады. «Бұратана» халықтар, яғни қазақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер, түрікпендер, қарақалпақтар және басқалар жөніндегі патша самодержавиесінің бұл озбырлығы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне әкеп соқтырды. Осындай оқиғалар Орал, Бөкей облыстарында да болды. Бұл қозғалыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып қана қоймай, сонымен қатар империалистік соғысқа да қарсы бағытталды және Россиядағы 1917 жылғы февраль буржуазиялық-демократиялық революциямен ұштасты.

1917 жылғы буржуазиялық-демократиялық Февраль революциясынан кейін көп кешікпей Орал және Бөкей облыстарында да бүкіл еліміздегі сияқты қос өкімет құрылды. Елді басқарудың барлық тетігі патша самодержавиесі тұсындағы қалпында дерлік қала берді. Өкімет басында капиталистер, помещиктер мен саудагерлер өкілдері отырды. Ал қазақ ауылдарын

¹ Мемлекеттік орталық тарихи архив. ф. 129, оп. 82, д. 1956, л. 58. Л., 1916.

баяғы байлар билеп-төстеді. Сондай-ақ Уақытша үкімет органдарымен қатар жұмысшы және солдат депутаттары, сәл кейінірек шаруа және қырғыз (қазақ) депутаттары Советі құрылды. Мәселен, Бөкей ордасында патшаның Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша советінің орнына Бөкей ордасын басқару жөнінде орталық атқару комитет дейтін құрылды және Уақытша үкіметтің тікелей өкілі ретінде Бөкей ордасы бойынша губернатордың міндетін атқаратын үкімет комиссары тағайындалды.

1917 жылдың көктемінде Орал қаласы мен Бөкей ордасында буржуазияшыл ұлтшылдардың — алашордашылар мен байлардың съезі шақырылды. Бұлар Уақытша үкіметтің саясатын барынша қолдауға шешім қабылдап, империалистік соғысты «жеңіспен аяқтағанға дейін»¹ жүргізе беруді жақтаған пікір білдірді. Алашордашылар қазақ халқының экономикалық және мәдени мешеулігін сақтауға өз әлдерінше тырысып бақты, ауылдарда байлар мен жартылай феодалдардың үстемдік құрып, үнемі жалшы-кедейлер мен еңбекші бұқараны қанап өздеріне кіріптар ету әрекетін жасады.

Буржуазиялық-демократиялық Февраль революциясы Россиядағы ұлт мәселесін шеше алмады. Уақытша үкімет бостандық пен демократия туралы жалаң даурықпа сөздерді бүркене отырып, іс жүзінде бұрынғы отаршылдық саясатты жүргізе берді.

Бірақ патша өкіметі құлатылғанға дейін астыртын жағдайдан болған большевиктік ұйымдар енді. Еңбекшілер арасында саяси және насихат жұмысын кеңінен өрістетті. Революциялық күштер Орал облысында да өсе түсті. Бұл істе империалистік соғыс майдандарынан қайтқан революцияшыл ниеттегі солдаттар үлкен роль атқарды. Оралда, Доссорда, Гурьевте, Темірде, Ойылда, Ордада, Жәнібекте, Таловкада және басқа да уездер мен болыстарда алғашқы Советтер пайда болды. Әйтсе де, бастапқы кезде Советтер ауыл-селоның әлділерінің, меньшевиктер мен эсерлердің, сондай-ақ буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің ықпалында болып, буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын

¹ «Большевик Казахстана» журналы, 1935, № 9—10.

қолдады. Шаруалар үшін нағыз көкейтесті мәселе — жер мәселесі шешілмей қала берді.

Көп кешікпей революциялық қозғалыстың ықпалымен қазақ жұмысшылары да күреске араласа бастайды. Мәселен, 1917 жылы 10 июльде Орал-Каспий мұнай қоғамының жұмысшылары өз басқармасы мен әкімшілігінен қазақ жұмысшыларын кемсітушілікті үзілді-кесілді тоқтатуды талап етті.

Жұмысшы қазақтардың талабын орыс жұмысшылары да қолдады. Қазақ жұмысшыларының бірсыпырасы жұмысты тоқтатып, ауылдарына қайтып кетті. Мұның өзі мұнай кәсіпшілігі иелерін мықтап састырды. Сондықтан олар жұмысшы қазақтардың заңды және әділетті талаптарын қанағаттандыруға мәжбүр болды.

Орал облысында революциялық қозғалысты дамытуда темір жол жұмысшылары үлкен роль атқарды, атап айтқанда, Орал Советінің қызметіне большевиктік ықпал жасады, Саратов Советімен тығыз байланысып, Оралды большевиктік әдебиеттермен қамтамасыз етті. Орал большевиктері казактар арасында насихат жұмысын кеңінен өрістетті. Соның нәтижесінде казактардың кедей тобын Советтер жағына шығарып алуға мүмкіндік туды.

1917 жылдың жазында Орал облысында, сондай-ақ Бөкей ордасында революциялық талаптар мен ұрандар ұсынған шаруалардың бас көтерулері жиілей түсті. Қазақ кедейлері мен орыс шаруалары казактарға бекітіліп берілген жерлерді пайдалануға право берілуін, казактарға патша үкіметі тарапынан берілген артықшылықтардың жойылуын талап етті. Бөкей ордасының мал өсіруші қазақтары Орал казак әскерлерінің мал жайылымдарына өз беттерімен басып кірді. Сөйтіп, қазақтар мен қарулы казак күштерінің арасында аракідік қан төгіс те болып тұрды.

Бөкей ордасының Қалмақ бөліміндегі № 1, 2, және 7 болыстардың еңбекші шаруа қазақтары буржуазиялық уақытша үкіметтің облыстық органы — Бөкей ордасының Орталық Атқару Комитетіне арнайы шағым берді. Олар былай деп жазды: «Бөкей ханның тұсында осыдан 100 жыл бұрын Ішкі Бөкей ордасы қырғыздарының пайдалануына берілген қазыналық жердің сол кездің өзінде-ақ тең бөлінбегені мәлім. Хән

және оның қолшоқпарлары барлық қолайлы шабындық, егіндік жерлерді басып алды, ал жұмысшы табы үлессіз қалды. Қазір бостандық пен теңдік алғаннан кейін жерсіз және жері аз қырғыздар басып алушылардан өздерінің жер үлестерін қайтып алғысы келеді және жерді тең бөліп беру үшін өкіл жіберуді өтінеді»¹.

Қаракөл болысының шаруа қазақтары 1917 жылы 24 июньде 351 адам қатысқан жиында: «Байлардың артық деп танылған пішені мұқтаж шаруаларға берілсін» деген қаулы қабылдады. Осы жиында шаруа қазақтар «болыстағылардың көпшілігінің кедей тобының мүдделеріне сай келмейтіндіктен»² болыстық атқару комитетінің председателі мен атқару комитетінің бірсыпыра мүшелеріне сенімсіздік білдірді.

Бүкіл елде революциялық дағдарыстың өсіп, ұлғаюы жағдайларында Орал облысы еңбекшілерінің азаттық күресі орыс пролетариаты мен еңбекші шаруаларының жалпы революциялық күресімен барған сайын ұштаса түсті.

Уақытша үкімет органдары мен казактар билеп-төстеушілері, сондай-ақ алашордашылар революциялық ниеттегі еңбекшілерді жазалау шараларын күшейте түсті. 1917 жылдың жазында әскери съезде Орал казак әскерлерінің патша самодержавиесі құлатылғаннан кейін жойылған наказной атаманының өкімет билігі қайтадан қалпына келтірілді. Бұл әсерлер мен меньшевиктердің тікелей қолдауы арқасында істелді. Реакцияшыл казактар облыста контрреволюциялық әскери диктатура орнатуға астыртын әзірлік жүргізді. Алашордашылар да бой көрсете бастады. Контрреволюциялық Алашорда үкіметінің Оралда құрылған Батыс бөлімі дейтін Жымпитыға көшіп барып, қазақ депутаттарының Жымпиты Советін қуып жіберді. Арнаулы казак отрядтары деревняларды, ауыл-селоларды аралап жүріп, революциялық қозғалысты жаныштады. Гурьевте тұрған әскери гарнизон казактармен ауыстырылып, гарнизон солдаттары үйлеріне қайтарылды. Казактар революцияшыл бұқараны аяусыз жазалады. Революциялық ниеттегі жұмысшылар мен солдаттар

¹ «Большевик Казахстана» журналы, 1935, № 9—10, 123-бет.

² Бұл да сонда, 124-бет.



П. И. Дмитриев

тұтқынға алына бастады. Эсерлер мен меньшевиктер Советтерді Уақытша үкімет органдарының шылауына айналдырды. 1917 жылғы июнь оқиғаларынан кейін большевиктер астыртын жағдайда жұмыс істеуге көшуге мәжбүр болды.

Қарулы көтеріліс жасауға бағыт сілтеген партияның алтыншы съезінің шешімдері мен директиваларының социалистік революцияның жеңісі жолындағы күресті ұйымдастыруда зор маңызы болды. Орал облысында іс жүзінде әскери диктатура орнатылған

нына қарамастан мұнда да революциялық күштерді мобилизациялау үздіксіз жүргізіліп жатты. Бұл жұмыс большевиктік партия мен орыс пролетариатының тікелей басшылығымен жүргізілді. Жергілікті революционерлер Саратов, Астрахань, Самар, Царицын сияқты ірі пролетарлық орталықтардың большевиктік ұйымдарымен байланыс жасады. Олар Орал мен Ордаға өз өкілдерін жіберді, орталықтан да большевиктер келіп тұрды. Бұлар еңбекшілерді большевиктік партияның идеялары төңірегіне жұмылдырып, жергілікті большевиктік ұйымдарға баға жетпес көмек көрсетті.

Большевик үгітшілер облыстың ең алыстағы аудандарына, ауылдары мен деревняларына барды. Мысалы, буржуазияшыл жергілікті «Уральский вестник» газеті 1917 жылы 3 июльде «Темірге Кронштадтан екі делегат келіп, онда большевиктердің нағыз қыңыр идеяларын насихаттап жүр. Бұл делегаттардың сөздері Темір халқының арасында толқу туғызуда»¹, — деп жазды.

Большевиктердің ықпалы барған сайын күшейе берді. Орал гарнизоны солдаттарының негізгі көпшілігі 1917 жылдың күзінде большевиктер жағына шық-

¹ «Уральский вестник» газеті, 1917, 3 июль, № 77.

ты. Большевиктерге тілектес солдаттар Орал Советіне өз өкілдерін — Нуждинді, Гаркушинді, Ивановты және басқаларды жіберді. Қазактар арасында да іріткі басталды. Герман майданынан қайтқан 6-және 7-казак полктарының солдаттары майдандастар комитетін құрды және Орал Советімен бірлесіп генерал Мартыновтан наказной атаман атағынан бас тартуын талап етті.

Майдан тылындағы қара жұмысқа қатысып, 1917 жылы өз еліне қайтып келгендер де революциялық жұмысқа белсене араласты. Империалистік соғыс майданында болып, соғыстың қандай мақсатпен кім үшін жүргізіліп жатқанын біршама түсінген олар қанаушы элементтерге қарсы тайынбай бас көтерді. Осы жағдайдан сескенген Астраханьның губерниялық комиссары 1917 жылы июльде Уақытша үкіметке майдан тылында қара жұмыстарда болып қайтқан бүлікшіл қазақтар туралы мынадай телеграмма жіберді: «Осы күндері қырғыз даласына қайтып келгендер өздеріне әр түрлі қиянат жасаған лауазым иелеріне өшігіп, оларды өз беттерімен жазалауда...»

1917 жылы августа Бөкей ордасындағы екі болыстың қазақ шаруалары «Қырғыз даласындағы барлық бастықтарға сенуге болмайды», сондықтан олар «ешуақытта да байларға қарсы бас көтеруге тәуекелдік ете алмайды»¹ — деп мәлімдеді.

1917 жылы сентябрьде Орал қаласында Советтердің облыстық бірінші съезі шақырылып, облыста Совет өкіметі орнатудың негізі қаланды. Съезге жергілікті Советтердің өкілдері келді. Осы съезде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары облыстық Советінің тұңғыш атқару комитеті сайланды. Облыстық Советтің басшылығына большевиктер П. А. Дмитриев, П. И. Червяков, большевиктерге тілектес Ә. Әйтиев, М. Ипмағамбетов және басқалар сайланды.

Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советімен тікелей байланыс жасау үшін 1917 жылы октябрьде Орал облыстық Советінің председателі П. А. Дмитриев Петроградқа жіберілді. Ал 1917 жылы октябрьде қазақ және орыс жұмысшыларының казак

¹ «Большевик Казахстана» журналы, 1935, № 9—10, 131-бет.

әскерлерінің жазалаушы отрядтарымен қарулы қақтығысулары басталды. Мұндай қақтығысулар Орал, Темір уездерінде, Доссордың мұнай кәсіпшілігінде болды.

СОВЕТ ӨКІМЕТІ ЖОЛЫНДА

1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Россияның барлық халықтары мен қатар еңбекші қазақ халқының да басынан ғасырлар бойғы езушілік пен мешеуліктің түнегі ысырылып, болашақ таңы атты. Кеменгер В. И. Лениннің ұлы ілімімен рухтанған большевиктер партиясының басшылығымен Россия пролетариаты мен еңбекші шаруалары Уақытша үкіметті құлатып, Совет өкіметін орнатты.

Орал облысында Совет өкіметін орнықтыруда оның өзіне тән ерекше қиыншылықтары болды. Іс мәнісі мынада болатын: Дон, Кубань, Орынбор казактары сияқты бұрын патша үкіметі берген артықшылықтарды пайдаланып келген, патша самодержавиесінің сенімді таянышы болған Орал казактары аса реакцияшыл, контрреволюцияшыл пиғылда еді. Сондай-ақ Россияның орталық аудандарымен салыстырғанда жергілікті халықтың экономикалық және мәдени жағынан мешеулігі мен кіріптарлығы пролетарлық революцияны дамыту ісінде едәуір кедергілер туғызды. Оның үстіне Орал казактары ағылшын-американ империалистерінің көмегімен 1917 жылы «әскери үкімет» деп аталатын буржуазиялық-помещиктік контрреволюцияшыл үкімет құрды. Эсерлер мен меньшевиктердің тікелей қолдауымен ақ гвардияшыл казактар Орал және Гурьев гарнизондарының революцияшыл ниеттегі солдаттарын армия қатарынан босатып, үйді-үйіне қайтарды. Облыста, ақ гвардияшыл казактардың қарулы отрядтары құрылды. Ағылшын империалистері көрші Закаспий облысында Совет өкіметіне қарсы ақ гвардияшыл контрреволюцияшыл қарулы күштер ұйымдастырды. Сөйтіп, Орал контрреволюциясы ағылшын империалистері қолдаған Закаспий ақ гвардияшыларымен тізе қосты. Бұл контрреволюциялық күштер Орал

контрреволюциясын толық қолдап, қару-жарақ, оқ-дәрі, киім-кешек, қаржы беріп тұрды¹.

Революциядан қашқан капиталистер, помещиктер, ақ гвардияшыл офицерлер және басқа да контрреволюцияшыл элементтер Россияның барлық түкпірлерінен Орал қаласына ағылып келе бастады².

Контрреволюцияшыл казактарды ұйымдастырып, оларға басшылық еткен бұрынғы патша армиясының отставкадағы генералы Толстов болды, оны Совет өкіметінің қас жаулары полковниктер Горбунов пен Кириллов, басқа да ақ гвардияшыл офицерлер қолдады. Осы кезде ағылшын империалистері де генерал Толстовқа қол үшін берді. Толстов Гурьевте ақ гвардияшыл офицерлер даярлайтын юнкерлер училищесін ашты, Советтік Россияның нағыз қас жауларынан әскери бөлімдер құрастырды. Генерал Толстов басқарған ақ гвардияшыл казактар армиясы құрылып, оның штаб бастығы болып генерал Титруев белгіленді, оның құрамдары мен бөлімдерін контрреволюцияшыл-генералдар мен полковниктер басқарды³.

Ілгеріде айтылған облыста құрылған алашорданың Батыс бөлімшесі дейтін «үкімет» қазақ халқы арасындағы контрреволюцияшыл ұлтшылдардың базасы болды. Олар да Совет өкіметіне қарсы күресу үшін өз әскерін, юнкерлік училищесін, тағы басқа органдарын құрды. Алашордашылар ақ гвардияшыл казактармен қол ұстасып әрекет жүргізді. Сөйтіп, Орал облысында контрреволюцияның үлкен ошағы — атап айтқанда, казактардың «әскери үкіметі» мен контрреволюцияшыл буржуазияшыл-ұлтшыл Алашорда «үкіметі» құрылды. Олар ағылшын және америка империалистерінің көмегіне сүйене отырып, жас Совет өкіметін құртып жіберуге күш салды.

Міне, осындай қиын жағдайда социалистік революцияның жеңістерін қорғауды алдарына мақсат етіп қойған жұмысшылар мен шаруалардың жауынгерлік одағы құрылды. Орал облыстық Советі революцияшыл ниеттегі жұмысшылар мен солдаттарға, орыс және қазақ кедейлеріне сүйене отырып, большевиктердің бас-

¹ Совет Армиясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 134, оп. 3, д. 426, л. 47.

² «Красный Урал» газеті, 1922, 7 ноябрь.

³ «Красный Урал» газеті, 1923, № 52—54.

шылығымен Совет өкіметін орнату жолында күре жүргізді. Саратов, Самара, Бузулук большевиктер Орал облысының еңбекшілеріне қол үшін созды. Оралға Петроград Советі мен РСФСР Халық Комиссарлар Советінің өкілі Ф. Неусыпов келді. Революциялық күресте шыныққан тәжірибелі большевиктер жергілікті Советтерді эсерлер мен меньшевиктерден, буржуазияшыл ұлтшылдардан тазартуға көмектесті.

1918 жылы январьда Орал қаласында шаруалардың облыстық съезі ашылды, бұл съезге облыстағы өкімет билігі жөніндегі мәселені бірігіп шешу үшін еңбекші казактардың да өкілдері шақырылды. Большевиктердің ұсынысы бойынша съезд облыста Совет өкіметін орнату туралы қаулы қабылдады. Онда большевиктер фракциясы қаладағы казак әскерін қарусыздандырып, арсеналды басып алуды, «әскери үкіметті» жоюды съездің күн тәртібіне қоюды ұсынды. Бірақ съезге қатысқан солшыл эсерлер большевиктерге қарсы шығып, барлық мәселелер бейбіт жолмен, казактардың өкілдерімен келіссөз жүргізу арқылы шешілуге тиіс деген өз ұсыныстарын енгізді. Келісімпаз элементтердің көптігін пайдаланып, облыстық Совет «әскери үкіметке» орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де жаңа өмір орнату үшін казактардың және басқа да қалалықтардың одан әрі бірлесіп, жұмыс істеуі жөніндегі мәселені шешуді ұсынды¹. Совет өкілдері осы кезде Оралда өтіп жатқан контрреволюцияшыл әскери съезбен келіссөз бастап, олардан Совет өкіметін тануды талап етті. Әрине, казактардың «әскери үкіметі» Совет өкіметін танудан мүлдем бас тартты. Сөйтіп, эсерлердің сатқындық әрекеті салдарынан қаладағы контрреволюциялық күштерді талқандау мүмкіндігі жүзеге асырылмады.

Алайда, большевиктер мұнымен тынбады. Советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, олар жұмысшылармен және еңбекші шаруалармен бірлесіп, жергілікті Совет органдарын ұйымдастырды. Мысалы, Темір уезінде 1917 жылы ноябрьде², Гурьев және Лбищенск уездерінде —

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 393, оп. 2, д. 100, л. 45.

² Қазақ ССР мемлекеттік орталық архиві, ф. 1349, оп. 1, д. 34, л. 109.

1918 жылы февральда, Доссорда¹ және Орал уезінің солтүстік-батыс болыстарында — 1918 жылы мартта² Совет өкіметі орнады. 1918 жылы марттың орта шенінде алыстағы Маңқыстауда да Совет өкіметі орнады. «Мұнда 100 адамнан қызыл рота құрылып, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Маңқыстау уездік Советі жұмыс істеп жатыр»³ деген хабар алынды.

Сөйтіп, Совет өкіметі бірте-бірте Орал облысы территориясының едәуір бөлегін қамтыды. Бірақ Орал облыстық Советі казактардың контрреволюцияшыл әскери бөлімдерін қарусыздандыра алмады, «әскери үкіметті» де жоя алмады. Сондықтан да «әскери үкімет» пен алашорданың Батыс бөлімшесінің «үкіметі» Совет өкіметін танымады, Орал облыстық Советінің шешімдеріне бағынбады. Бұлар Орынбордағы контрреволюцияшыл казактармен және Россия ішіндегі басқа да контрреволюцияшыл ұйымдармен байланыс жасап, әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас Совет мемлекетіне қарсы ашықтан-ашық қарулы күрес бастады.

Облыстық Советтің председателі, Советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінің делегаты П. А. Дмитриев жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Саратов Советінен көмек сұрады. Саратов Советі 1918 жылы 3 марттағы мәжілісінде Орал облысындағы жағдай туралы, ақ гвардияшыл казактардың контрреволюцияшыл әрекеттері туралы, Орал облысына жедел көмек көрсету қажеттігі жайында П. А. Дмитриевтің баяндамасын тыңдады. Мәжілісте П. А. Дмитриев былай деді: Оралдың реакцияшыл казактары «Советті мойындамайды, оның іс-әрекеттерін елемей, тіпті Советке қарсы қарулы күш қолдануда... Олар тек сөз жүзінде ғана бейтараптық сақтап отыр, ал шындығында мүлдем басқаша, олар Халық Комиссарлары Советінің деректерін мойындамайды... Казактармен екі арадағы қатынастар біздің Совет арқылы өтуін талап етеміз, сонда

¹ Орал облыстық мемлекеттік архив, ф. 38, оп. 1, да. 39 л. 130.

² «Степные зори» журналы, 1928, IV-том, апрель, 39—41-беттер.

³ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 393, оп. 2, д. 126, л. 2.

біз Орал облысында Совет өкіметін мойындауға көндірген болар едік»¹.

Саратов Советі Орал облыстық Советі председателінің баяндамасын жан-жақты талқылағаннан кейін мынадай қаулы қабылдады: «Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Саратов Советінің Атқару Комитеті Орал облысында, бірден-бір толық праволы орган, жұмысшы, шаруа, казак, және қырғыз депутаттарының Советі болуға тиіс екенін қуаттайды, ал жергілікті Советтерге ұйымдасқан халықтың аса кедей еңбекші топтарын өз төңірегіне біріктіруі керек. Облыста әскери сословиелік казак өкіметінің ешқандай органы болуға тиіс емес. Жоғарыда аталған Совет құрылғанға дейін жұмысшылар мен шаруалардың қазіргі Советі Орал облысындағы революциялық демократияның өкілет органы деп саналсын. Ол Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Атқару Комитетінің барлық декреттерін тануға тиіс. Сондықтан жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Саратов Советінің Атқару Комитеті өкімет органы есебінде тек депутаттардың Орал облыстық Советімен ғана қатынас жасайтын болады. Орал Советі товарлар мен азық-түлік жүктерінің Орал облысына әкелінуін және одан шығарылуын бақылауы қалпына келтіруі керек. Советтің рұқсатынсыз талатын жүктердің бәрі ұсталатын болсын»².

Оралда 1918 жылы 18 мартта жедел түрде Советтердің облыстық съезі шақырылды. Съезд РСФСР үкіетіне құттықтау телеграмма жіберді. Телеграммада былай делінген: «Орал облысының жұмысшы, солдат, шаруа және қырғыз депутаттары Советінің съезі өз жұмысына кірісер алдында Халық Комиссарлары Советін құттықтайды және оның тікелей көмегі арқасын-контрреволюцияшыл элементтердің барлық қастандық кедергілеріне қарамастан Орал облысындағы халықтың алуан текті топтарын біріктіреді деп үміттенеді. Съезд бітімінің жасалуы барлық жерлерде Советтер өкіметін мызғымастай етіп нығайтуымызға өмірді Октябрь революциясы алға қойған жаңа негізде қалыптастыруымызға мүмкіндік береді деп сенім білдіреді»³.

¹ «Известия Саратовского Совета РС и КД» 1918, № 46.

² Бұл да сонда.

³ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік Орталық архиві, ф. 393, оп. 2, д. 100, л. 14.

Осы съезде «әскери үкімет» пен Алашорданың контрреволюциялық әрекеттері туралы мәселе айрықша талқыланды. Съезд казактардың «әскери үкіметі» мен Алашорда «үкіметін» тарату және контрреволюцияшыл басшыларды тұтқынға алу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ съезд егер ақ казактар мен алашордашылар бағынбаған жағдайда майданда болғандарды Қызыл гвардияға мобилизациялау және тиісті шаралар қолдану жөнінде шешім қабылдады, бұл шараларды жүзеге асыру осы съезде сайланған Советтің атқару комитетінің жаңа құрамына тапсырылды.

Съезде атқару комитеті президиумының құрамына председатель болып коммунист П. А. Дмитриев, екінші председателге солшыл эсер Д. Колостов, председателдің орынбасары болып коммунист Ә. Әйтиев, президиум мүшелігіне коммунист М. Ипмағамбетов сайланды. Облыстық комиссарларға мыналар сайланды: Счетчиков пен С. Пужалин — азық-түлік комиссарлары, Б. Қаратаев — заң комиссары, Ә. Әйтиев — қорғаныс комиссары, П. Червяков — халық ағарту комиссары, М. Ипмағамбетов денсаулық сақтау комиссары, А. Алмазов — жер комиссары, Парамонов — еңбек комиссары.

Бірақ жұмысшы, солдат, шаруа және қырғыз депутаттарының жаңадан сайланған облыстық Советіне съездің шешімдерін орындап өкімет билігін түгелдей өз қолына алудың сәті түспеді. 1918 жылы марттың 28-інен 29-ына қараған түні ақ гвардияшыл казактардың «әскери үкіметі» алашордашылармен бірлесіп, Орал қаласында контрреволюциялық төңкеріс жасады, облыстық атқару комитеті мен Орал Советінің барлық мүшелерін тұтқынға алды¹. Олар Совет органдарын таратып, Советтердің мүшелерін, партия, совет қызметкерлерін қанға бояды, аяусыз жазалады². Ағаш шебері З. Половинкин, қызыл гвардияшыл П. Нуждин, мұғалім П. Червяков дарға асылды, облыстық Советтің председателі П. А. Дмитриевті түрмеде у беріп өлтірді³. Облыстық Советтің және атқару ко-

¹ «Яицкая правда» газеті, 1919, 2 февраль, № 2.

² Орал облыстық мемлекеттік архив, ф. 38. д. 39 лл. 130—131

³ «Яицкая правда» газеті, 1919, 7 ноябрь, № 151.

митетінің тек кейбір мүшелері ғана ойламаған жерден қашып құтылды, олардың ішінде Ә. Әйтиев та бар еді. Бұлар астыртын жағдайға көшуге мәжбүр болды.¹

Контрреволюциялық «әскери үкімет» әскери-далалық сот құрды. Осы сот Орал Советінің мүшесі С. Пужатинді, П. Морозовты, И. Быковты, Ф. Логотковты, А. Костовты, Т. Шачиевті, А. Алмазовты, Н. Логутоновты, Н. Кузнецовты, А. Гребцовты, Ф. Неусыповты және басқа да ондаған адамды дарға асу арқылы өлім казасына кесті. Гурьевте Советтің 9 мүшесі ешбір тергеусіз, сотсыз атылып тасталды.

«Әскери үкіметтің» үлгісі бойынша Алашорда «үкіметі» де «тергеу комиссиясы» мен жазалаушы отрядтарын құрды. Алашорда бандылары Совет мүшесінің — С. Сүйіншиевті, С. Молдабаевты, М. Саржановты, М. Жанзақовты және 60-тан астам басқа да партия, совет қызметкерлерін атып өлтірді. Ақ казактар мен алашордашылар Совет өкіметіне тілектес еңбекшілерді қан құйлы айуандықпен азаптап, жазалады. Мәселен, олар Орал уезінің Федоровка селосындағы шауа Семен Козловскийді, коммунист Әбдірахман Әйтиевті өз үйінде жасырғаны үшін жерге тірідей көміп қастады².

Владимир Ильич Лениннің атына 1918 жылы 2 апылде Орынбордан телеграмма жіберілді, онда былай лінді: «28 мартта Орал казактары мен «әскери үкіметі» Орал облысының Советін талқандап, Совет мүшелері мен Совет қызметіне қатысы бар 60-қа жуық астам тұтқынға алынды. Советтің 17—18 мүшесі ғана қашып құтылды, біразы Оралдан Саратовқа, екеуі Орынборға өтіп кетті. Советтің қамауға алынған мүшелері азын-азықпен азап шекті. Оларды соққыға жығып, қол-аяқтап бұрады, жалаңаштап шешіндіріп, қар үстінде жаңаяқ жүргізді, қамшымен ұрып, мылтық сүмбісімен қырып қастады. Астраханнан, Дутов отрядтарынан қашып келгендер және Самара помещиктері Орал қаласында жиналып жиналып, үлкен күш болып отыр. Елек қаласында басқа қалалардан келген 400 адамды бауыз-

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 1349, оп. 1, д. 2, л. 43.

² «Степные зори» журналы, IV-том, 1928, 39—54-беттер.

дап өлтірді. Қызыл гвардияшылар мен бейбіт тұрғындардың өліктері мұз ойықтарына тасталды»¹.

Осы кезде алашордашылар мен ақ казактар тізе қосып, Совет өкіметін құлатуға жұмыла кірісті. Оралдың ақ казак әскерлерінің съезі 1918 жылы 22 майда алашордашылардың облыстық съезінің Совет өкіметіне қарсы бірлесіп күресу жөніндегі шешімін мақұлдап, құттықтады, бұл документке съезд председателі Кирпичников қол қойды. Ақ гвардияшылар съезінің қаулысында былай делінген: «... Әскери съезд Орталық Россияны апат қаупіне жеткізген және өзінің аздырушылық жұмысының нәтижесінде шет аймақтарға да аяқ салған большевиктерге қарсы ашықтан-ашық батыл күрес жолына түсуі жөнінде казактармен келісімге келуге тілек білдіргені үшін облыстық Қырғыз съезімен оның үкіметі және қырғыз халқын құттықтайды...

Байланысты баянды ету мақсатында делегаттармен алмасу үшін съезд өз өкілін жіберіп отыр және сіздер де осыны істеулеріңіз жөн»².

Сөйтіп, контрреволюцияның біріккен күштері Орал облысының көпшілік бөлегінде 1918 жылдың бас кезінде орнаған Совет өкіметін құлатты.

Енді Орал облысы еңбекшілерінің контрреволюцияға қарсы, Совет өкіметін қайта қалпына келтіру жолында жаңа да ауыр күрес кезеңі басталды. Облыс еңбекшілерінің бұл күресінде Орталық Россия мен Волга бойының еңбекшілері айтарлықтай нақты көмек көрсетті. Орал қаласындағы контрреволюциялық төңкерістен кейін Оралдағы казак әскерлерінің Саратовтағы өкілі тұтқынға алынды³. Саратов Советі ақ казактардың «әскери үкіметіне» ультиматум тапсырып, Совет өкіметін, оның жоғарғы органы — РСФСР Советінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетін сөзсіз мойындауды үзілді-кесілді талап етті, таратып жіберілген Орал облыстық Советін дереу қайта қалпына келтіріп, Советтің қамауға алынған мүшелерін, басқа да партия, совет қызметкерлерін түрмеден босатуды, Орал облысына қашып барған контрреволюцияшыл офицерлерді, буржуазия мен помещиктерді одан қуып жібе-

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 393, оп. 2, д. 100, л. 18.

² Сборник документов «Алашорда», 1929, 97-бет.

³ «Яицкая правда» газеті, 1919, 7 ноябрь, №151.

руді ұсынды¹. «Әскери үкімет» Саратов Советінің талабын қабылдамай тастады. Содан кейін Саратов Советі ақ казактармен келіссөздер жүргізуді тоқтатып, соғыс әрекетін әзірлеуге кірісті. Орал большевиктері Саратов губерниялық партия комитеті мен Саратов Советінің көмегі және қолдауы арқасында ақ гвардияшыл казактардың тылында іріткі салып, партизан отрядтарын ұйымдастыру жөнінде көптеген жұмыстар жүргізді. Шаруалардың астыртын съездері шақырылды; бұл съездерде ақ казактарға батыл қарсылық жасауға шешім қабылданды². Большевиктер қауіп-қатерден тайсалмай, Орал казактарына жар салып, үндеулер таратты, деревняларда, станицаларда, ауылдарда және Орал қаласының өзінде революциялық жұмыс жүргізді. Лбищенскіде, Бөкей ордасымен шектес аудандарда, Жымпиты мен Ойыл далаларында Орал облысының солтүстік аймақтарында большевиктер ұйымдастырған партизан отрядтары ақ гвардияшыларды қарусыздандырды, казак әскерлерінің қатынас жолдарын бұзды, ақ казактарға көмектескен кулактарды аяусыз жазалап отырды, олардың отрядтары жайында Қызыл Армия бөлімдеріне барлау мәліметтерін беріп тұрды³. Орал облысының бір ауданынан Саратов Советіне мынадай да хабар болды: «Кулактар мен кедейлер арасында кескілескен қақтығыстар болып жатыр, қару-жарақтардың жетпей жатқаны байқалуда»⁴.

Облыстың кейбір аудандарында Совет өкіметі сақталып қалды. Мәселен, Темір уезінің шаруалары өздерінің жеріне ақ казактарды да, алашордашыларды да қадам бастырмады. Олар азамат соғысының өн бойына өздерінде Совет өкіметін қорғап қалды. Ақ гвардияшыл чиновниктердің бірі былай деп жазды: «Маңқыстау және Красноводскі уездері, сондай-ақ Гурьев уезінің оңтүстік болыстары соңғы уақытқа дейін жарлықты орындаудан бұлтартып, полкты толықтыруға жігіттерін берген жоқ... 1918 жылдың январынан бері Темір уезі үнемі большевиктер өкіметінің билігінде

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 110, оп. 3, д. 1, лл. 43—59.

² «Степные зори» журналы, 1928, IV-том, 39—54-беттер.

³ «Яицкая Правда» газеті, 1919, 29 март, № 37.

⁴ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 130, оп. 2, д. 620, л. 10.

болып келді, қазірдің өзінде онда айқын большевиктік бақыттағы уездік комитет қызмет етіп отыр»¹.

Орал большевиктері жау тылында насихат жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде, аты аңызға айналған азамат соғысының қолбасшысы В. И. Чапаев басқарған дивизияның даңқты полктары Оралдағы ақ гвардияшыларға қарсы қаһармандық жорық бастады.

Совет өкіметі жолындағы күрес Орал қаласына қарағанда Гурьев пен Доссорда біркелкі ұйымшылдықпен өтті, бірақ мұнда да жағдай ауыр болды. 1917 жылдың октябрінде-ақ Орал-Каспий мұнай қоғамы кәсіпшіліктерінде жұмысшылар өндіріс пен бөліске бақылау орнатып, іс жүзінде кәсіпшіліктің қожалары болды. Жұмысшылар буржуазияның мүддесін қорғайтын мастерлер мен басқа да лауазым иелерін қызметтерінен босатты. Бұл жағдай кәсіпкерлердің бәрін дереу жұмысшылармен коллективтік договор жасауына мәжбүр етті². Жұмысшылар Советтер, заводтық және стачкалық комитеттер арқылы мұнай кәсіпшілігі иелеріне өздерінің экономикалық және басқа талаптарын ұсынып отырды. Орал-Каспий мұнай қоғамының басқармасы азық-түлік қорлары жеткіліксіз деген желеумен барлық кәсіпшіліктерде мұнай шығару жұмыстарын тоқтату ниетін көздеді. Жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығару қаупі төнді. Жұмысшылар мұнай кәсіпшілік иелерінің бұл зұлымдық айналына наразылық білдіріп, өз мүдделерін³ қорғау үшін Петроградқа өкілдер жіберді. Гурьев атқару комитеті мұнай кәсіпшілігі жұмысшыларының әділетті талаптарын мақұл-



В. И. Чапаев

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 701, оп. 7, д. 5, лл. 186—188.

² Қазақ ССР мемлекеттік орталық тарихи архиві, ф. 695, оп. 1, д. 288, лл. 31, 34, 40—46.

³ «Астраханский рабочий» газеті, 1917, 8 октябрь, № 19.

дады және 1917 жылы 9 октябрьде жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советіне «қажетті шаралардың бәрін қолданып, жұмысшыларды жұмыстан босату жоспарын жүзеге асыруға жол бермеуді»¹ өтініп телеграмма жолдады.

Орал-Каспий мұнай кәсіпшілігінің басшылығы 1917 жылғы 28 октябрьдегі мәжілісінде «біздің қолымыздағы өкімет билігі түгелдей жұмысшыларға көшті»² деп атап көрсетті. Петроградта мұнай кәсіпшіліктері жұмысшыларының делегациясын толық қолдады. Делегаттар 1917 жылы 21 ноябрьде Гурьев Советінің атына жіберген телеграммасына Орал-Каспий мұнай қоғамы басқармасының мұнай кәсіпшіліктерін жабу жөніндегі жоспары бұзылғандығы туралы хабарлады. 1918 жылы февраль мен марттың бас кезінде Доссор мен Гурьевте өкімет жұмысшы депутаттары Советтерінің қолына көшті. Кәсіпшілік басшылары 1918 жылы 13 мартта Петроградқа телеграмма жіберді, онда: «Таяуда мұнай өнеркәсібі фирмаларының жұмысшыларынан құрылған жұмысшы депутаттарының Доссор Советі өзін мемлекеттік және жергілікті кәсіпшіліктерді толық билейтін орган деп жариялады»³, деп хабарлады.

Сөйтіп, Доссор мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшылары мұнай өнеркәсібі иелерін толық жеңіп шықты. Уақытша шетелдік капиталистердің иелігінде болған кәсіпшіліктердің жұмысшылары да Петроградқа өкілдер жіберіп кәсіпшілік қожаларын коллективтік келісімнің жобасын қабылдауға мәжбүр етті. Коллективтік договордың жобасында: жұмысшылардың қай категорияға жататынына қарамастан барлығына бірдей 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеу, аптасына бір демалыс күнін тағайындау және сол демалыс күні қарсаңында жұмыс күнін екі сағатқа қысқарту керектігі атап көрсетілген. Бірінші май мерекесін мейрамдау, жұмысшыға бір айлық демалыс беру, кесімді жалақы минимумын белгілеу көзделді. Договордың қабылданған жобасында жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөнінде бірқатар шаралар белгіленді.

¹ СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 472, оп. 1, д. 18, лл. 81—82.

² Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалының архиві, 10-сақтау единицасы, лл. 56—58.

³ Бұл да сонда, ф. 811, д. 33, л. 275.

Орал мен Гурьевте ақ гвардияшылардың контрреволюциялық төңкерісіне байланысты Доссор кәсіпшілігінің жұмысшы және мұсылман депутаттары Советі 1918 жылғы 7 апрельден бастап почта мен телеграфтың жұмысына бақылау қойды. Мұнай кәсіпшілігі әкімшілігінің бірде-бір телеграммасы Советтің рұқсатынсыз тапсырылмайтын болды¹. Доссор, Советі ақ гвардияшыларға қарсы күресу үшін Қызыл гвардия отрядтары мен жұмысшылар жасақтарын ұйымдастыруға кірісті. Бірақ ақ гвардияшылардың күші Доссор Советінің күшінен әлдеқайда басым еді, сондықтан Доссорда Совет өкіметін сақтап қалуға мүмкіндік болмады. Гурьев және Доссор Советтері біріктіріліп, Астраханьға көшірілді. Гурьев-Доссор Советінің қызметі туралы 1918 жылғы 12 июньде төмендегідей хабар жарияланды: «Гурьев-Доссор Советінің іс-әрекеттері мынадай болуға тиіс: Гурьевтен, Доссордан, Мақаттан, Ракушадан, Ново-Богатинскіден келген босқындарды өз төңірегіне біріктіру, оларға жәрдем көрсету, Гурьев, Орал казактарымен контрреволюцияшыл буржуазияның қимыл-әрекеттерін қадағалау, Гурьев Советінің тұтқындалған мүшелерінің семьяларына ақшалай жәрдем көрсетіп тұру... Совет өзінің бүкіл іс-әрекетін Астрахань губерниялық Советімен және Әскери Советпен бірлесіп жүргізеді...»².

Уақытша жеңіліске ұшырағанына қарамастан, облыс еңбекшілері большевиктердің басшылығымен өздерінің барлық күш жігерін ақ гвардияшыларға қарсы күреске жұмылдырды. Бұл кезде Қызыл Армия Орал қаласы мен Орал облысына көмекке келе жатты. Атап айтқанда, Қызыл Армияның аса көрнекті қолбасшысы Михаил Васильевич Фрунзе басқарған Төртінші Армияның әскер бөлімдері осылай қарай бет бұрды. Қызыл Армия Орал қаласына Саратов пен Самара жағынан шабуыл жасады. Ақ казактар жанталаса қарсылық көрсетті.

Бұл операцияда В. И. Чапаев бригадасына үлкен және жауапты міндет — бүкіл IV Армияның тылы мен сол қанатын қорғау міндеті жүктелді. Сонымен қатар

¹ Қазақ ССР Мемлекеттік орталық тарихи архиві, ф. 695, оп. 1, д. 320, л. 40.

² СССР Октябрь революциясының мемлекеттік орталық архиві, ф. 393, оп. 2, д. 96, л. 36.



М. В. Фрунзе

Чапаевқа Орал қаласына шабуыл жасауға бұйрық берілді. Бригаданың күші біраз әлсірегеніне қарамастан В. И. Чапаев Оралға батыл шабуыл жасады. Оралдағы ақ казактар командованияесі Чапаевтің жігерлі қимылдарынан сескенип, өз күштерінің басым көпшілігін Чапаевқа қарсы қойып, бригаданы үлкен шығынға ұшыратты. Дегенмен чапаевтықтар тайсалмастан Орал қаласына қарай ілгерілей берді. Олар қалаға жақын жердегі Таловая станицасын басып алды. Ақ казактар командованияесі Орал қаласына тікелей қауіп төнгеннен кейін Чапаевтың бригадасын қоршап алып, жойып жіберуге

бел байлады да, Самараға бет алған IV Армияның басты күштерін жайына қалдырды. Чапаевтың бригадасы тағы да көп шығынға ұшырады. Генерал Мартынов басқарған Оралдағы ақ гвардияшылардың басты күші қазақ Таловкасы ауданында Чапаевтың бригадасын қоршап алып, оларды 1918 жылғы 20 октябрьге дейін ұстап тұрды. В. И. Чапаевтың ұрыс операцияларына шебер басшылық жасауы және өзінің асқан батылдық көрсетуі нәтижесінде бригада шығынға ұшыраса да, ақ гвардияшылардың қоршауын талқандап шықты.

1918—1919 жылдары Орал қаласының іргесінде ақ гвардияшылдармен табан тірескен ұрыстар болды.

Ұзақ ұрыстардан кейін 25 және 30-дивизиялардың бөлімдері 1919 жылғы 24 январьда қаланы алды. Ақ гвардияшылар облыс орталығынан қуылды. Оралдың губерниялық Революциялық комитеті құрылды, оның председателі Ермощенко болды. Революциялық комитеттің құрамына Петровский, Ружейников, Қаратаев, Васильев, Хаустов, Счетчиков және Кулаков кірді. Революциялық комитет жанынан ұлттық коллегия құрылды, оның мүшелері болып Қаратаев, Арғыншиев, Әйтиев тағайындалды. Бұл коллегияның құрылуы қа-